

1–4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Отбасы – бақыт бесігі

Ата-аналар өмірінің жобасы – бақытты адам

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері туралы түсініктерді тереңдету.
2. Отбасында қолайлы климат құру дағдыларын дамыту.
3. Баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезіндіру.

Ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттер

Позитивті қарым-қатынас, тәрбие, шығармашылық, ұрпақтар сабақтастығы, денсаулық, достық, сүйіспеншілік.

Еңбекқорлық, жауапкершілік, қызығушылық, ашықтық, мейірімділік, өзіне деген талапшылдық, позитивті көңіл-күй.

Жоспар

I. Кіріспе. Интерактивті әңгіме.

II. Негізгі бөлім.

1. Топтық жұмыс.

2. Бейнеролик көру және талқылау.

3. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекет.

III. Қорытынды. Ойлануға арналған оқиға. Музыкалық сыйлық. Жақсы тілектер.

Күтілетін нәтижелер

Сабақтың соңында тыңдаушы:

1. Баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның саламаттығын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастырады.

2. Бастауыш сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдетеді.

3. Отбасында қолайлы климат құру дағдыларын дамытады.

4. Баланың саламаттығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезінетін болады.

Ресурстар: сабақ әзірлемесі, презентация, бейнеролик, оқу тақтасы, дыбыстық динамиктер, сызық түсірілген 4 ватман парағы («Ескерту» бағанындағы түсініктеме), 4 түрлі-түсті маркер.

Форматы: аралас сабақ

Әдістер мен тәсілдер: интерактивті әңгіме, топтық жұмыс, бейнематериалды қарау және талқылау, публицистикалық мақала үзіндісімен жұмыс, «Саяхат» тәсілі.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Уақыты	Мазмұны	Ресурстар/ Ескертулер
5 мин.	Интерактивті әңгіме Құрметті достар! курстың алғашқы сабағына қош келдіңіздер. Сабақтың тақырыбы – «Ата-аналар өмірінің жобасы – бақытты адам». «Балаларды жақсы етудің ең жақсы жолы – оларды бақытты ету», – дейді ирландиялық әдебиет классигі Оскар Уайлд. Сіздер бақытты бала дегенді қалай түсінесіздер? (тыңдаушылардың жауаптары). Рахмет! Сіздер көп нәрсені дұрыс сипаттадыңыздар! Баланың тұлғасына көңіл аударғандарыңыз қуантады. Жеке тұлғада адамның қалай ойлайтыны, нені мақсат ететіні, нені бағалайтыны және нені маңызды деп санайтыны көрінеді. Тұлға үнемі дамып отырады. Жеке тұлғаны тәрбиелеу сәтті болуы үшін балаға не қажет екенін, оның қажеттіліктері қандай екенін түсініп,	1,2 слайдтар Сабақ басында педагог ата-аналармен сәлемдесіп, оларды бірегей білім беру жобасына қатысуымен құттықтайды.

20 мин.

даму үшін қолайлы жағдай жасау керек. Баланың саламаттығын не құрайды деп ойлайсыз? (тыңдаушылардың жауаптары)

2022 жылы Қазақстанда қабылданған «Балалардың хал-ахуалы индексі» мемлекеттік құжатында «хал-ахуал» ұғымы баланың физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан баланың жай-күйі ретінде айқындалады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, саламаттықтың маңызды шарттары: денсаулық, қауіпсіздік, жаңа нәрселерді білуге, айналасындағыларға түсінікті болуға, қарым-қатынас жасау қабілетіне деген қанағаттану екенін белгілеп қойайық. Мұны басқаша физикалық саламаттық, когнитивтік саламаттық, эмоционалдық саламаттық, әлеуметтік саламаттық деп атауға болады.

Топтық жұмыс

Баланың саламаттығы деген не екенін талқылайық. Ол үшін «Саяхат» тәсілі бойынша топтарға бөлініп жұмыс істейміз. Біз 5 топқа бөлінеміз. 1–4 топ – зерттеушілер, 5 топ – сарапшылар.

1–4 топтарға (зерттеушілерге) арналған тапсырма.

Топқа ат қойыңыздар. Саламаттық түрлеріне саяхат жасаңыз. Баланың физикалық, когнитивтік, эмоционалдық, әлеуметтік саламаттығы неден көрінетінін жазыңыз. Нәтижені презентациялаңыз.

5– топқа (сарапшыларға) арналған тапсырма.

Топтардың жұмысын бақылау барысында жазбалардың мазмұнына талдау және қорытынды жасаңыз. Баланың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата-ананың жауапкершілігі қандай екенін тұжырымдаңыз. Өз тұжырымдарыңызды айтыңыз.

Түсініктеме. Құрметті ата-аналар! Сіздер өздеріңіздің өмірлік тәжірибелеріңізге негізделген зерттеу жүргіздіңіздер. Сарапшылар өз қорытындыларын берді. Мұның бәрінің артында тұрған ең басты нәрсе – баланы тәрбиелеу үшін қоғам алдындағы жауапкершілікті түсіну. Бұл мәселеге қазақстандық заңнамада үлкен көңіл бөлінген. Ата-аналар танысуы керек барлық заңнамалық актілердің тізімі цифрлық платформада бар.

Жауапты ата-ана болу үшін өз мінез-құлқыңызды талдауды, қателіктеріңізді түсінуді және оларды түзетуді үйрену керек.

Осы жайындағы бейнероликті назарларыңызға ұсынамыз.

Бейнеролик көру және талқылау

Бейнероликті көргеннен кейін ата-аналарға талқылау үшін келесі сұрақтар ұсынылады:

1. Баланың өтінішіне әкесінің орнында болсаңыз қалай

1-4-топ «Саяхат» тәсілін пайдалана отырып жұмыс істейді. 4 бөлікке бөлінген 4 ватман парағы дайындалады. Әр парақтың тақырыбында бала саламаттығының түрі көрсетілген. Саламаттық түрі – кезекті бір станция. Саламаттықтың бір түрінен екіншісіне ауыса отырып, тыңдаушылар шартты түрде бір станциядан келесі станцияға дейін саяхаттайды.

Парақ сызығының үлгісі

Когнитивтік саламаттық

Топ (атауы)

Топ(атауы)

T

оп(атауы)

T

оп(атауы)

Парақтан параққа ауыса отырып, топ баланың физикалық саламаттығы, когнитивтік саламаттығы, әлеуметтік саламаттығы, эмоционалдық саламаттығы қандай болатынын жазады. Бұл ретте әр топ белгілі бір түсті фломастерді пайдаланады.

Саламаттықтың әрбір түрі бойынша жұмысқа 4 минут беріледі.

Жазбалардың мазмұнына сарапшылар тобы, яғни 5–топ талдау жасайды. 5–топқа 4 мин

<p>10 мин.</p>	<p>жауап берер едіңіз? 2. Ата-аналар әрқашан баласының өтініштеріне мұқият қарауы керек пе? Неліктен?</p> <p><i>Түсіндірме.</i> Баланың өтініштеріне назар аудару – отбасында қолайлы климат құрудың қажетті шарты.</p> <p>Ұжымдық шығармашылық іс-әрекет Қазақ мәдениетінде адам өмірі кезеңдерінің мынадай атаулары айқындалған: Жаңа ғана туылған бала нәресте деп аталады. Бір жылдан жеті жылға дейін – сәби. Бір жас пен екі жастың арасындағы қыз бала – бөпе. Сол жастағы бала – бөбек. Екі жастан үш жасқа дейінгі бала – бүлдіршін. Үш жастан бес жасқа дейін – балдырған. Алты жастан он екі жасқа дейін – ойын баласы. Он екіден он бес жасқа дейін – сығыр. Он бес жастан он алты жасқа дейін – ересек бала. Он алтыдан он тоғыз жасқа дейін – бозбала. Жиырмадан отызға дейін – жас жігіт. Отыздан қырық жасқа дейінгі ер адам – құр жігіт. Қырықтан елу жасқа дейін – ер түлегі. Елуден алпыс жасқа дейін – жігіт ағасы.</p> <p>Ойлануға берілетін сұрақтар: 1. Қазақ халқы адам өмірінің әрбір кезеңіне неліктен үлкен мән береді деп ойлайсыз? (тыңдаушылардың жауаптары) 2. Біздің балалар қазір өмірдің қай кезеңінде? (тыңдаушылардың жауаптары) 3. Балалар өмірінің осы кезеңінің атауында негізгі белгі не болып табылады? (тыңдаушылардың жауаптары) <i>Түсіндірме.</i> Ойын баласы – бұл негізгі іс-әрекеті ойын болып табылатын ұлдар мен қыздар. Психологтер кіші мектеп жасындағы 6–10 (7–11 жас) ойын баласының ерекшеліктерін осылай сипаттайды.</p>	<p>беріледі.</p> <p>Бейнероликтің сюжеті баланың ата-анасының көмегіне мұқтаж болғанда, бірақ олар күйбең тіршілікке байланысты уақыт бөле алмайтын отбасылық өмірлік жағдайлардың бірін көрсетеді. Бала ата-анасының оның қажеттіліктеріне назар аудармауының салдарынан абайсызда ағат қылық жасайды. Балаға немқұрайлы қарау қаншалықты зиян және отбасында қолайлы климат құру қаншалықты маңызды екендігі көрсетілген</p> <p>9,11,13,15 – слайдтарда көрсетілген психологтардың ұсыныстары 8,10, 12,14 – слайдтарда берілген сұраққа жауаптарды тыңдағаннан кейін ғана көрсетіледі.</p>
<p>15 мин.</p>	<p>1. Кіші мектеп жасындағы балалардың ФИЗИКАЛЫҚ ерекшеліктері</p> <ul style="list-style-type: none"> • Осы жастағы балалар өте белсенді. Олар шытырман оқиғаларды, дене жаттығуларын, ойындарды жақсы көреді. • Олар өздерінің сыртқы келбетін елемейді мүмкін. <p><i>Сұрақ:</i> – Осы жастағы балалардың ата-аналарына физикалық саламаттықты қамтамасыз ету бойынша қандай кеңестер берер едіңіз? (тыңдаушылардың жауаптары)</p> <p><i>Психологтердің ұсыныстары слайдта көрсетілген:</i> Кіші мектеп жасындағы балалардың ата-аналарына арналған физикалық саламаттықты қамтамасыз ету бойынша ҰСЫНЫСТАР</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балаңызды сауықтыру үшін серуендеуді, сапарларды, сауықтыру лагерьлерін пайдаланыңыз. 2. Балаңызды жеке гигиенаға, өзінің киіміне, бөлмесіне күтім жасауға, ұқыптылыққа үйретіңіз. 	<p>Жадынама жасауға барлық тыңдаушылар қатысады. Мақала үзіндісімен танысуға 2 минут беріледі. Тыңдаушылардың ұсыныстары тақтаға жазылады, онда «Бақытты баланы қалай өсіру керек» жадынамасы» деп аталатын бос орын бар. Жұмыс аяқталғаннан кейін жазылғандарды педагог оқып береді</p>

2. Кіші мектеп жасындағы балалардың ЗИЯТКЕРЛІК ерекшеліктері

- Бейтаныс нәрселердің барлығын зерттегенді ұнатады.
- Дәйектілік және себеп-салдар заңдарын түсінеді
- Уақыттың, кеңістіктің, қашықтықтың тарихи және хронологиялық сезімі бар.
- Дерексіз (Абстрактылы) ойлау дамиды.
- Коллекциялар жасағанды ұнатады. Кез келген нәрсені жинайды. Балалар үшін ең бастысы сапа емес, саны.
- «Есте сақтаудың алтын жасы».

Сұрақ:

- Осы жастағы балалардың ата-аналарына зияткерлік саламаттықты қамтамасыз ету бойынша қандай кеңестер берер едіңіз? (тыңдаушылардың жауаптары)

Психологтердің ұсыныстары слайдта көрсетілген:

Кіші мектеп жасындағы балалардың ата-аналарына арналған зияткерлік саламаттықты қамтамасыз ету бойынша ҰСЫНЫСТАР

1. Оқыту зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Балаңызға «неге?» деген сұрақты қойыңыз.
2. Үстірт фактілерден гөрі нақты оқиғалар мен аттараға негізделу керек.
3. Бала өз бетінше жауабын таба алатын сұрақтар қою керек.

3.Кіші мектеп жасындағы балалардың ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ерекшеліктері

- Өз сезімдерін күрт жылдам білдіреді. Алдымен айтып, содан кейін ойланады.
- Өз эмоцияларын еркін білдіреді. Эмоционалды түрде тез дауласады.
- Әзіл-қалжың сезімі дами бастайды. Күлкілі әңгімелер айтуға деген ұмтылыс пайда болады.
- Қорықпайтын болып көрінгісі келсе де, жасырын қорқыныштары болады.

Сұрақ:

- Осы жастағы балалардың ата-аналарына эмоционалды саламаттықты қамтамасыз ету бойынша қандай кеңестер берер едіңіз? (тыңдаушылардың жауаптары)

Психологтердің ұсыныстары слайдта көрсетілген:

Кіші мектеп жасындағы балалардың ата-аналарына арналған эмоционалды саламаттықты қамтамасыз ету бойынша ҰСЫНЫСТАР

- 1.Өзін-өзі бақылауға үйретіңіз: қай кезде байсалды және сабырлы болу керек, қай кезде көңілді болу керек.
2. Төзімділікке үйретіңіз. Шешім қабылдағанға дейін барлық фактілерді қарастырыңыз. Басқа адамдардың құқықтары мен сезімдерін құрметтеуге үйретіңіз.
3. Өз-өзіне күлуді, басқа адамдарды ренжітетін әзілдерді айтпауға үйретіңіз.

4. Кіші мектеп жасындағы балалардың ӘЛЕУМЕТТІК

ерекшеліктері

- Бала дербес, тәуелсіз бола бастайды. Отбасылық шеңберден тыс қоғамға бейімделеді. Өзінің жынысындағы құрдастар тобын іздейді, өйткені қыздар үшін ұлдар «тым шулы», ал ұлдар үшін қыздар «жеткілікті деңгейде тапқыр емес».

Сұрақ:

– Осы жастағы балалардың ата-аналарына әлеуметтік саламаттықты қамтамасыз ету бойынша қандай кеңестер берер едіңіз? (тыңдаушылардың жауаптары)

Психологтердің ұсыныстары слайдта көрсетілген:

Кіші мектеп жасындағы балалардың ата-аналарына арналған әлеуметтік саламаттықты қамтамасыз ету бойынша ҰСЫНЫСТАР

1. Достық тілектестікке үйретіңіз. Баланы «мен бәрінен маңыздымын» позициясын ұстанбауға шақырыңыз.

Тапсырма. Сабақ барысында жасалған өз тұжырымдарыңыз бен жаңалықтарыңыз негізінде «Бақытты баланы қалай өсіру керек» жадынамасын жасаңыз.

«Қазақ отбасы – қоғамның маңызды тәрбие институты» мақаласынан үзіндіні пайдаланыңыз.

Қазақ отбасы – қоғамның маңызды тәрбие институты

Қазақ отбасы барлық уақытта адамды дамытатын басты тәрбие институты болып қала береді. Ағайынды бауырлардың ата-аналары бір болғанына қарамастан, отбасылық тәрбиеде балалар мінезінің қалыптасуындағы айырмашылықты байқауға болады. «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деген қазақ мақалы осыны сипаттайды. Бұл дегеніміз, әртүрлі факторларға байланысты адамның қалыптасуы әртүрлі жолдармен жүреді.

Сонымен қатар, «жаманнан жақсылық пайда болғанына қуанбаңыз және жақсылықтан жаманның пайда болғанына қайғырмаңыз» деген тіркес те бар. Бұл тіркестің мәні – баланың мінезі немесе мінез-құлқы белгілі бір дәрежеде ата-анасының жалғасы болады. Табысты тәрбиенің нәтижесі – «Ұстазы жақсының, ұстанымы жақсы» деп сипатталатын адамдардың күш-жігерінің нәтижесі болып табылады. Сіз кімнен оқыдыңыз? Сіз не үйрендіңіз? Осы сұрақтардың жауабына қарай тәрбие сапасы туралы қорытынды жасауға болады. «Сыпайылықтың болмауы» мен «надандық» адамның ең жағымсыз қасиеттері болып саналды.

Отбасы ішіндегі балалар арасындағы қарым-қатынасты құруға көп көңіл бөлінді. «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без», «Ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңілі өсер» деп бекер айтылмаған. Туыстар арасындағы үлгілі қатынастар үлкендер мен кішілердің өзара сыйластығы, жауаптылық, қарапайымдылық, сыпайылық, адалдық, шынайылық

	<p>негізінде құрылады. Жас ұрпақтың ойы мен мінезін қалыптасуы алған тәрбиесіне және қоршаған әлемнен алған үлгісіне тікелей байланысты. Сондықтан ежелгі заманнан бері үлкен және кіші аға-әпкелер арасында бейбіт қарым-қатынас, келісім, жауаптылық пен мейірімділік насихатталды. Бұл адамның бақытты болуының шарты болып табылатын отбасындағы қолайлы климаттың қалыптасуына ықпал етті.</p>	
<p>5 мин.</p>	<p>Адамның бақыты туралы ойлануға арналған оқиға Қиыршық тас жолындағы бақытты сапар</p> <p>Жетпіс жастан асқан сүйкімді де сымбатты ханым менімен Фейхтвангер және Құран аудармалары туралы әңгімелесті. Ол кемпір емес еді. Тіпті «егде жастағы әйел» де емес. Бет жүзі ерекше әдемі, қоңыр көздері жұлдыздар сияқты жарқырайды, оларда мейірім мен ақыл бар. Бұл ханым өмірде биік белестерге жеткен. Ол құқықтану корифейі, көптеген атақтары мен марапаттары бар. Және өзінің сыпайы және шынайы түрде айтуынша – өте ауқатты әйел. Оның сөйлеу мәнері әдемі, тегіс, бейнелі. Ал тілі бай... Ол мектепке баратын жолы туралы айттып берді. Тағдыр жолы туралы. Және Бірінші қыркүйек туралы. Оның анасы төрт сыныптық білімі бар сауыншы еді. Олар шалғайдағы ауылда қатты кедейлікте өмір сүрді. Анасы көп ауыр жұмыс істейтін. Мектепке баратын күн келгенде, анасы қызын ауылдың сыртына алып шықты. Ол жерден үш жол тарайтын: екеуі топырақ жол, біреуі қиыршық тас жол. Анасы қызына қиыршық тас жолды нұсқады: «Міне, осы жолмен орманнан, жырадан, жазық даладан өтіп ауылға жетсең, мектеп көрінеді. Оқы, жаным! Өйткені бұл кедейлік пен бақытсыздықтан құтылудың жалғыз ғана жолы». Анасы осылай деді. Сөйтіп, қыз қиыршық тас жолмен дорбасын арқалап жолға шықты. Ауылға дейін тоғыз шақырым. Осы жолмен күнде жүретін болды. «Мені қалайша қасқыр жеп қоймағанына таң қаламын» дейді өзі. Қасқырға жем болмай, аязға тоңбай, қараңғыда жолдан адаспай, жол торушылардың қастығына тап болмай осы жолмен ылғи жүретін болды. Осылайша мектепке апаратын қиыршық тас жолы арқылы алысқа кетті. Өз бақытына жетті. Жақсы өмір мен басқа тағдырға жолықты. Мектепті үздік медальмен бітіріп, шабаданын арқалап қалаға институтқа түсуге келді. Жалғыз өзі. Анасы қолынан келгенше картоп пен нан салып тұрды. Дұғасынан тастамады. Ол қызының сол бір қиыршық тас жолға түскен күнінен бастап оған алаңдайтын еді. Бірақ, басқа жолдың жоқтығын білетін. Сондықтан, тек алға жүру керек. Кейде ата-ана балаға ештеңе бере алмауы мүмкін. Себебі, қолында ештеңесі, білімі, қаражаты, қанат бітіретін жалынды сөздері болмауы мүмкін. Тіпті, мектепке апарып салуға да мүмкіндігі болмайды – кім сені жұмыстан жібере береді? Алайда, ата-ана дұрыс жолды көрсетіп, тура</p>	<p>17 слайд</p>

	<p>жүруге нұсқай алады. Өзінің бар махаббаты мен батасын қоса береді.</p> <p>Ең бастысы – тура жолға салу. Бұл ата-ананың балаға беретін басты игілігі. Тіпті ол жол баласын өзінен алшаққа, бақытты өмірге алып кетсе де. Тіпті ол жол басында қауіпті әрі қиын болса да. Бірақ бақытқа апарар басқа жол жоқ – тек осы мектепке апаратын қиыршық тас жол ғана. Және сол жол бақытты өмірге де жеткізді...</p> <p><i>(Анна Кирьянова)</i></p>	
5 мин.	<p>Құрметті ата-аналар! Кездесу соңында қазақстандық композитор Тимур Дорогойдың әнін фонограммамен орындауды ұсынамыз. Бұл ән біз бен біздің балаларымыз туралы.</p> <p>Әннің фонограммасы қойылады, экранда сөздері бар слайдтар көрсетіледі.</p> <p>Тілек білдірушілер әнге қосылып шырқай алады.</p> <p>Ән аяқталғаннан кейін педагог ата-аналарға жылы лебізін білдіреді.</p>	18–21 – слайдтар